

### Список использованных источников

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. – М.: ЭТС, 2002. – 424 с.
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
3. Harper Lee How to kill a mockingbird [Электрон.ресурс]. – 1960. URL: <http://www.franglish.fr/LLCE/To-Kill-a-Mockingbird.pdf> (дата обращения 24.03.2021)
4. Харпер Ли. Убить пересмешника [Электрон.ресурс]. – 2014. URL: <https://bookzip.ru/3119-ubit-peresmeshnika.html> (дата обращения 24.03.2021)
5. Англо-русский, русско-английский словарь. – Б.: ТКИСО, 1995. – 672 с.
6. Словарь русского языка. В 4-х томах. – М.: «Русский язык», 1981. – Т.3, 752 с.

ӘОЖ 81'25

### АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Балабекова Бибатима Ілиясқызы**

[ibatimabalabekova@gmail.com](mailto:ibatimabalabekova@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2-ші курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Муратова Г.А.

Бүгінгі таңда дамыған, марқайған, кемеліне келген ұлттық әдеби тілдердің көп белгілерінің бірі–сол тілдегі ғылыми стильдің қалыптасуы болып саналады. Басқаша айтқанда, әдеби тілдің әдебилігі мен толыққандылығы «ғылым мен техника» тілі деп аталатын «кіші тілдің» («языковая подсистема» мағынасында) әлеуметтік қызметіне байланысты болса керек.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, жан – жақты дамып отырған бүгінгі әдеби тілдің әлеуметтік қызметі мен қолданыс аясында ғылым–техника тілінің атқаратын орны ерекше. Мәселе осы жайында.

Алайда мәселенің байыбына тереңірек бару үшін «әдеби тіл» мен «ғылыми тілінің» арақатынасын, қалыптасу жолы мен даму процесін анықтап алған жөн. Ең алдымен айтарымыз: «ғылым тілі» мен «ғылыми тіл» деген ұғымдар өзара байланысты болса да, екеуі бір емес. «Ғылыми тіл–әр саладағы ғылымның өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктерінің белгілі жүйесі, қолданыс тәсілдері. Бұл терминді көбінесе «ғылыми стиль» деп те атайды. «Ғылыми тілге» қарағанда «ғылым тілінің» мағынасы әлдеқайда кең, ауқымы зор. Өйткені «ғылым тілі» деген ұғым жалпы әдеби тілдің атқаратын әлеуметтік–қоғамдық қызметінің үлкен бір саласын қамтиды. Бұл сала ғылыми–техникалық прогресстің шарықтап дамуына байланысты қанатын кең жайып, тамырын тереңдете түседі, өзі де дамиды, жалпы әдеби тілімізді де кемелдендіре түседі. Басқаша айтқанда, қоғам өміріне ғылыми– техникалық прогресс қаншалықты қажет болатын болса, сол қоғам мүшелеріне қызмет етіп отырған ғылым тілі де соншалықты қажет.

Осы арадан келеді де, жалпы жазба тіл мен ғылым тілі өзара байланыса, астарласа дамиды, қалыптасатын құбылысқа айналады. Әдеби тілдің құрамында ғылым тілінің пайда болуы оның қоғамдық қызметі мен қолданыс аясын кеңейту қажеттілігінен туады да, бұл оның төрт құбыласы тең дербес тіл ретінде өмір сүруінің бірден–бір кепілі болып саналады. Әдеби тілінің құрамында ғылым тілінің белгілі бір себептермен қалыптаса алмауы, немесе қалыптасса да, ғылыми қауым тарапынан кең қолданыс таппай, қалың көпшілікпен оқшау тұруы, сайып

келгенде, әдеби тілдің қоғамдық статусына нұқсан келтіреді. Басқаша айтқанда, ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды. Сондықтан да ғылым тілінің қалыптасуын, ғылымның жан–жақты дамуына сай жүйелене, жетіле түсуін әдеби тілдің әдебилігі мен әмбебаптылығының шартты белгісі деп қараған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі қазақ жазба әдеби тілінің бұл салада қол жеткен мол табыстарымен қатар ойландыратын жақтары да жоқ емес.

Ғылым тілін жалпы әдеби тіл тұрғысынан алып, оны бейнелі түрде «кішігірім тіл», «үй ішінен тігілген үйшік» деп («подъязык», «языковая система», «миниязык» мағынасында) қарайтын болсақ, осы «үйшіктің» дүниеге келуін жазба әдеби тілдің қалыптасуынан балсталды деп қараған жөн. Өйткені жазу–сызуы болмаған, не кенжелеп қалған тілде ғылым тілінің дүниеге келуі мүмкін емес. Бұл бір. Екіншіден, қашанда болмасын, ғылым тілі белгілі бір жүйеге түскен терминологиялық лексикаға негізделді. Ол лексика тілдің жалпы лексикалық байлығының біртұтас бөлшегі ретінде ең алдымен ғалымдарға қызмет етуі керек. Үшіншіден, бұл лексиканың қалыптасуына, жүйеленуіне, реттелуіне және байып, дамуына ана тіліміздің өз мүмкіншіліктерімен қатар орыс тілінен және ол арқылы шетел тілдерінен қабылданған терминдер мен терминдік тіркестер де негіз болды. Төртіншіден, терминологиялық лексика ғылым–техника салаларының өзара жүйеленуіне және іштей дифференцияға ұшырауына байланысты әр саладан жасалған терминологиялық сөздіктер негізінде қалыптасады [1, 105 б.].

«Мәтін стилистикасы» сөз тіркесі бұрыннан бері белгілі болғанмен, оның мазмұны тек жалпы, тиянақсыз түсініктерді қалыптастырады. Мұның себебі, жаңа қалыптасып келе жатқан ғылымның өзінен, оның атауының бұрынырақ пайда болуында. Қарқынды дамып келе жатқан мәтін лингвистикасы грамматика, мәтін семантикасы және оның басқа да аспектілері мен зерттеу салаларымен қатар мәтін стилистикасының да қажет екенін көрсетті.

Аталған ғылым атауынан көретініміздей, оның стилистика мен мәтін сияқты екі компоненті де маңызды болып табылады. Біріншісі мәтіннің барлық құбылыстарына деген стилистикалық ыңғайды бағамдаса, екіншісі зерттеу объектісі мен осыған сәйкес стилистикалық зерттеудің (дәстүрлі тілдік бірліктер емес, мәтіндер зерттелінеді) өзгешелігін анықтайды.

Стилистикалық ыңғай мәтін функционалдығы (қолданылу тәсілін) мен оның бірліктері–прозаикалық шумақтары (күрделі синтактикалық бүтіндер), үзінділері, тараулары, бөлімдерінің; мәтін түрлерінің стильдік өзгешеліктерінің; мәтіндер мәнерлілігінің шарттары мен құралдарының зерттелуін бағымдайды [2, 450 б.].

«Мәтін» сөзінің соншалықты үйреншікті және таныс болуы, оған тіпті түсініктеме беруді талап та етпейді деп көрінеді. Алайда мұндай пікір алдамшы болып табылады. «Мәтінді» (латынның *textus* – кездеме, өрім, жалғасу) мағыналық және грамматикалық байланыспен біріккен тілдік бірліктердің, яғни айтылымдардың, фразадан тыс бірліктердің (прозаикалық шумақтардың), үзінділердің, бөлімдердің және т.б. бірізділігі деп анықтауға болады. Әрбір мәтінге өзіндік дара функционалды стиль тән.

Тіл стилі–«не айтылып жатыр» және «қалай айтылып жатыр» сияқты екі фактордың үйлесімі, яғни тілдік құралдардың мақсатты жиынтығы. «Тіл стилі» түсінігінің негізінде айтылып отырған мазмұнға деген баяндау құралдарының байланысының бағалануы жатыр.

Ғылыми стильдің пайда болуы мен дамуы ғылыми білім мен адамдар қызметінің алуан түрлі салаларының дамуымен байланысты. Бірінші кезеңдерінде ғылыми мазмұндаудың стилі көркем әдеби баяндаудың стиліне жақын болды. Ғылыми стильдің көркем әдебиден бөлінуі грек тіліндегі ғылыми терминологияның қалыптаса бастауымен орын алды.

Заманауи ағылшын ғылыми және техникалық әдебиет стилінің негізінде өзіндік мінездемелері бар ағылшын жазба тілінің қағидалары жатыр, яғни:

Лексика. Англосаксондық емес тектегі арнайы терминдер мен сөздер үлкен мөлшерде қолданылады. Сөздер ойдың максималды нақты берілуі мақсатымен асқан тиянақтылықпен

таңдалынады. Көмекші (функционлады) сөздер (предлогтар мен жалғаулықтар) және айтылымдардың бөлек элементтерінің арасындағы логикалық байланыспен қамтамасыз ететін сөздердің (үстеулер) рөлі зор.

Грамматика. Жазба сөзде тек түпкілікті орныққан грамматикалық қағидалар қолданылады. Кеңінен тараған пассивті, жақсыз және жағы анықталмаған құрылымдар қолданысқа ие. Зат есім, сын есім мен етістіктің жақсыз формалары басым болып келетін салалас құрмалас және сабақстас құрмалас сөйлемдер кеңінен қолданылады. Логикалық бөліп көрсету тұрақты сөз тәртібінен ауытқу (инверсия) арқылы қол жеткізуге болады.

Материалды баяндаудың тәсілі. Ғылыми және техникалық әдебиеттің негізгі мақсаты– белгілі бір ақпаратты оқырманға неғұрлым түсінікті және нақты етіп жеткізу. Бұған қол жеткізу эмоционалды реңктегі сөздер, айтылымдар мен грамматикалық құрылымдар қолданылмайтын логикалық негізделген баяндау арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталып өткен мінездемелердің үшеуі де жаратылыс және дәлдік ғылымдарға (сонымен қатар олардың қолданбалы салаларына)–математика, астрономия, физика, химия, геология, металлургия, биология, ботаника, зоология, геодезия, метеорология, палеонтология, медицина, электроника, электротехника, авиация, жер өңдеу, орман өсірушілік, кен жұмысы, қорғаныс, құрылыс, көлік, химия өнеркәсіптеріне, механизмдер технологиясына тән [3, 253 б.].

Ғылыми және техникалық әдебиеттің өз кезегінде бірнеше үдемелері бар. Ғылыми және техникалық мәтіндер бір–бірінен тек ғылым немесе техника саласы бойынша ғана емес, сонымен қатар мамандандырылу деңгейімен де ерекшеленеді. Жоғарыда көрсетілген мінездемелер ғылыми монографиялар мен мақалаларға, рефераттар мен оқулықтарға тікелей тиесілі. Алайда техникалық анықтамалардың, каталогтардың, жеткізілімдер сипаттамаларының, техникалық есептемелердің, нұсқаулықтардың тілі кейде баяндаушы (техникалық мәліметтерді атап өту кезінде) және бастаушы (егер ол контекст бойынша тұспалданып тұрса) жасырын тұрған сөйлемдерді қамтулары мүмкін. Техникалық анықтамаларда тек түгендеп шығудан ғана тұратын үзінділер де кездеседі. Жеткізілімдер сипаттамалары, мамандандырылулар, техникалық есептемелер мен каталогтар әдетте орнықты үлгімен құрастырылып, арнайы терминологияға толы болады. Лексика–грамматикалық үлгі сонымен қатар патентті әдебиетке де тиесілі [4, 173 б.].

Техникалық әдебиетке баяндаудың бейтарап тәсілі немесе бейтарап стиль тән деп санау қалыптасқан. Алайда А.В.Федоровтың ойынша, «бейтарап» стиль түсінігі, яғни бейнеліліктен, эмоционалдылықтан айырылған көркемдіксіз стиль, өте қатысты түсінік, өйткені аталған қасиеттердің жоқтығы жағымсыз стилистикалық белгі болғанның өзінде айқын жағымды сипаттаушы белгі ретінде орнығады.

Техникалық әдебиетке материалдың формальды, логикалық, тіпті қатаң математикалық баяндалуы тән болғандықтан, мұндай баяндауды формальды–логикалық деп атау жөн сияқты.

Жоғарыда аталып өткендей, тіл стилі деп не айтылып жатыр және қалай айтылып жатыр деген сияқты екі фактордың күрделі үйлесуі түсіндіріледі. Сондықтан, бұл тарауда ағылшын техникалық әдебиеттегі материалды баяндау тәсілін сипаттау үшін «стиль» терминін қолдана отырып, біз бұл әдебиеттің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін де қарастырамыз. «Ғылым стилі–формальды – деп Л.И.Борисова жазады – ол тиянақсыз анықтамалардан, әлі жетілмеген жалпыландырулардан қашқақтайды, оның жұмыстарында ойлау айқындығы мен тұжырымдамаларбен біртұтас болып табылатын пән мәнісіне деген нақты және терең енушілік орын алады. Сақтық нақтылықпен біртұтас: ғалым дәлелдей алмайтынға ешкімді сендірмейді. Әдетте, ол бірінші жақтан сөйлемейді; ол үшін «менің» ойлатыным мен жасайтыным емес, нақты деректер маңызды. Ол қысқартулар мен ауызекі сөйлеу айналымдарынан қашқақтайды»

«Жазу көркемөнері мен ғылыми тәсіл арасындағы ортақ бөлгіш–логика - деп В.Н.Комиссаров атап өтеді. Техникалық тақырыпта жазушы мамандыққа дайындалу кезінде

ойлау дағдысына ие болып қойған. Жазу ол үшін тек осы сапаның әрекет ету саласын кеңейту дегенді ғана білдіреді» [5, 151 б.].

Сонымен, техникалық әдебиет тіліне деген негізгі талап–деректердің нақты және айқын баяндалуы, сипатталуы мен түсіндірілуі. Негізгі екпін ақпараттың эмоционалды емес, логикалық жағына жасалынады. Автор пән мәнін еркін түсіндіру мүмкіндігін болдырмауға тырысады. Сондықтан техникалық әдебиетте метафора, метонимия және т.с.с. суреттеу құралдары мүлдем қолданылмайды делік, және баяндау көркемдіксіз, формальды сипатта болады.

Техникалық әдебиетті баяндаудың тәсілдерін талқылағанда мұндай әдебиеттің шектелген оқырман шеңбері бар екенін ескерген жөн, және олар үшін ақпараттың нақтылығы мен тиімділігі дәл осы формальды–логикалық стиль арқылы қамтамасыз етіледі. Г.М. Стрелковский мұндай стиль ғылыми Корольдік Қоғаммен (Британдық Ғылым Академиясы) міндеттелген деп санайды. Алайда бұл стиль басқа тілдерге де тән. Сонымен қатар, тіл нормаларын декреттеу мүмкін емес. Формальды–логикалық стиль мұндай стильге деген адамдар үлкен тобының қажеттілігі нәтижесінде қалыптасқан. Ол ғылыми әдебиет тіл дамуының орынды салдары болып табылады. Бұл стильді сынаушылар техникалық мәтіннің сәйкес білімі бар мамандарға арналғанын және материалды баяндаудың үйреншікті тәсілінен ауытқу оларға нақты деректі түсінуді қиындататынын ұмытып кетеді.

Тілдің қарым–қатынас, хабарлау және ықпал ету сияқты ең маңызды деген 3 функциясын ажыратқан В.В. Виноградов терминологиясына сәйкес, техникалық әдебиет хабарлау мақсатын көздейді. Бұл мақсатты бұзған кез-келген құбылыс, ақпаратты қиындатып, жалған, яғни заңдылықтарға қайшы болып табылады.

Өткен ғасырдың ірі ғалымдары өз трактаттарын көркем әдебиетке жақын стильде жазатын, және олардың әрқайсысының өзіне тән өзіндік стилі де болатын. Алайда, қарапайым өзінділік пен ұжымдық өзінділік немесе ұжым өзінділігі арасында айырмашылық орнатқан жөн. Қазіргі біздің ғасырымызда ғылым мен техника прогресі өзінің жұмысын тек өзіндік шығармашылықтың жемісі ретінде ғана емес, адамдардың үлкен тобының тырысуларына деген жасайтын салымы ретінде қабылдайтын ғалымдар мен инженерлердің ұжымдық тырысуларының нәтижесі арқасында ғана орын алуы мүмкін. Сондықтан алынған нәтижелерін сипаттауда олар формальды–логикалық стильді қолданады.

Осылайша, ғылыми–техникалық мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктерін зерттей отыра, олардың негізгі сипаттамасы баяндаудың айқындығы мен қатаңдығына, нысандардың жанама, сипатты белгілеуінен бас тарту, арнайы лексика штамптары мен стереотиптерінің кең қолданысын қамтитынын атап өткен маңызды [6, 98 б.].

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Әсілжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе (оқу құралы) – Астана, 2005. – 250 б.
2. Құлмұхаммед М. Термин жайында: Егемен Қазақстан. 2006. – 450 б.
3. Қордабаев Т.Р. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991. –253 б.
4. Қалиұлы Б. Қазақтың төл терминологиясы қашан жасалады? Ана тілі, 1992. – 410 б.
5. Комиссаров В.Н., Коралова А.Л. Практикум по переводу с английского на русский., М., 1990. – 194 с.
6. Петрова О.В. Введение в теорию и практику перевода – М., 2006. – 200 с.